

**Ресми рецензент Есназар Асель Жаңабергенқызының**

**«6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алған  
үшін дайындалған Шарипходжаева Женисгүл Бейсембековнаның «Болашақ мамандарды бастауыш сынып окушыларының  
карым-қатынас мәдениетін калыптастыруға даярлау» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занына, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және басқа мемлекеттік нормативтік құжаттарына сәйкес орындалған.</p> <p>Ж.Б. Шарипходжаеваның диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәннің мамандандырмалған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосатын зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы болашақ мамандарды бастауыш сынып окушыларының қарым-қатынас мәдениетін калыптастыруға даярлау мәселесінің педагогикалық-психологиялық негіздері мен әдістемесін теренірек зерттеуінде көрінеді.</p> <p>Зерттеу жұмысында диссидентант «карым-қатынас», «мәдениет», «карым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының мәнін нактылап; болашақ мамандарды бастауыш сынып окушыларының</p>

			<p>қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындаپ; атальыш зерттеудің күрылымдық-мазмұндық моделін өзірlep, оның әдістемесін ұсынуы бастауыш білім беру саласына қосылған маңызды әрі практикалық <b>елеулі үлес</b> ретінде бағаланады.</p> <p>Зерттеу барысында «Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы; «Бастауыш сыныштарда әдебиеттік оқу пәнінен тапсырмалар жинағы» атты әдістемелік курал әзірленген. Бұл материалдар болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың әдістемелік кешені ретінде ұсынылған. Жұмыс барысында алынған қорытындылар жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, «Әдебиеттік оқу» пәнін оқытуға арналған білім беру бағдарламасын жетілдіруде кеңінен пайдалануға негіз бола алады. Диссертациялық жұмыстың <b>маңыздылығы</b> жақсы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>жоғары;</b></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) тәмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Диссиденттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі <b>жоғары</b>, себебі зерттеу мәселесіне қатысты 185 ғылыми еңбектермен барынша толық танысқан. Өз тұжырымдарын бекітетін мысалдар арқылы талдаулар жасап, өз қорытындысын ұсынған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>негізделген;</b></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертацияның өзектілігі ғылыми тұргыда дәйекті негізделген, себебі ол болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау мәселелерін шешуге бағытталған.</p> <p>Зерттеу барысында ұсынылған күрылымдық-мазмұндық модель мен әдістемелік кешен теориялық тұжырымдармен тығыз байланысты және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы эмпирикалық түрде тексерілген. Бұл модель болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін</p>

		<p>қалыптастыруға даярлауға бағытталған. Диссертант ұсынған әдістемелік кешен мен оқу-әдістемелік материалдар білім беру процесінің мазмұны мен мақсаттарына сәйкес келеді және олардың практикалық қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Олай болса, диссертацияның құрылымында, теориялық негізdemесінде, тұжырымдар және қорытындыларында ішкі бірлік пен үйлесімділік сақталған және оның өзектілігі ғылыми тұрғыдан <b>негізделген</b>.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <p><b>1) айқындауды;</b>  <b>2) жартылай айқындауды;</b>  <b>3) айқындаамайды</b></p>	<p>Диссертацияның мазмұны «Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау» деген тақырыбын толық <b>айқындауды</b>. Талдау барысында негізгі мәселелерден ауытқымайды. Диссиденттүң болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау бағытындағы ізденістері тақырыпты толығымен ашады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b>  <b>2) жартылай сәйкес келеді;</b>  <b>3) сәйкес келмейді</b></p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты диссертация тақырыбына <b>сәйкес келеді</b>. Мақсатқа сәйкес міндеттер қойылған және орындалған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b>  <b>2) жартылай байланысқан;</b>  <b>3) байланыс жоқ</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан <b>толық байланысқан</b>.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p>	<p>Диссидент зерттеу жұмысы бойынша ғылыми-әдістемелік енбектерге және нормативтік құжаттарға <b>сыни талдаулар жасаған</b>. Диссидент зерттеу жұмысының ғылыми енбектерде жеткілікті дәрежеде зерттелмегенін дәлелдей келіп, соның шешімін табу бағытында тың ой-пікірлер айтқан, болашақ</p>

		<p>2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> <p>мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесін әзірлең, негіздең.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>Диссиденттың диссертациялық зерттеуінде ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтиже – болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды, бұл зерттеу саласында <b>толығымен жаңа</b> ғылыми тұжырым болып табылады.</p> <p>Екінші ғылыми нәтиже – «қарым-қатынас», «мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының мәні нактыланды, бұл бүрін-сонды кешенді түрде зерттелмеген <b>толығымен жаңа</b> ғылыми бағыт болып табылады.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтиже – жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері айқындалды, бұл <b>толығымен жаңа</b> ғылыми тұжырым болып табылады.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже - болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның компоненттері мен құрылымы педагогикалық тұрғыда негізделді.</p> <p>Бесінші ғылыми нәтиже – болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың оку-әдістемелік кешені дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы дәлелденген.</p> <p>Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер педагогика ғылымында <b>толығымен жаңа</b> ғылыми бағыттарды айқындаиды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>Диссиденттың диссертацияда ұсынған қорытындылары толығымен жаңа және сенімді болып табылады. Қорытындылардың сенімділік деңгейі тәжірибелік-эксперименттік</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыстың нәтижелерімен расталған.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар, ұсынылған әдістеме тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</b></p>	<p>Барлық қорытындылар ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Бұл туралы қорытынды бөлімде баяндалған және әр қорытынды негіздерге сүйеніп жасалған.</p>
7.	Көрғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді мей?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p>	<p>Көрғауға ұсынылған қағидаттар толығымен дәлелденген.</p> <p>Көрғауға келесідей қағидаттар шығарылған:</p> <p><i>Бірінші қағидат:</i> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің психологиялық-педагогикалық даярлығы субъектіліктің мәндік сипаттамалары мен тұлғаның қасиеттері қалыптасуында қоғаммен, ортамен өзара әрекеттерінің күрделі динамикалық жүйесі екенін түсінуге жағдай жасалады. Болашақ мамандардың оқу-тәнымдық әрекетінде бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға дайындығының маңыздылығы алға шығады. Студенттердің белсенділігін, ізденімпаздығын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын, оқу-тәнымдық әрекетінде бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау мәселесі теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделеді.</p> <p>Бұл қағида жаңа, дәлелденген, кең қолданылатын және тривиалды емес болып табылады.</p>

	<p><b>3) кең</b>  7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия;</b>  <b>2) жок</b></p>	<p>Зерттеу нәтижелері дәлелденген: Educating future primary schoolteachers to create a communication culture through educational technologies. Cypriot Journal of Educational sciences 17(8):2709-2719 Aug 31, 2022 <a href="https://doi.org/10.18844/cjes.v17i8.7827">https://doi.org/10.18844/cjes.v17i8.7827</a>, Preparation of future specialists for the formation of a culture of communication among younger schoolchildren «Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана», серия педагогические науки» <a href="https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.035">https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.035</a></p> <p><i>Екінші қагидат:</i> «Қарым-қатынас», «мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының психологиялық-педагогикалық түрғыда нақтыланған мәні мен оның сипаты зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі болып табылады. Қарым-қатынастың мәні адамдардың бір-біріне ықпал етуімен, ақпарат алмасуымен анықталатыны түрғысынан нақтыланады. «Оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы педагогикалық құбылыс ретінде қарастырылып, оқыту үдерісінде оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі талданып, болашак мамандарды оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың негізі ретінде педагогикалық аспектілерінің маңызды сипаттамалары қарастырылады. Болашак мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау мәселесі психологиялық проблема ретінде зерттеліп, бағыттылық, қабілеттер, мінез бен өзін-өзі бақылау сияқты іс-әрекеттің төрт құрылымды бөліктері, қарым-қатынас түрлері – әлеуметтік, бағдарлаушы, топтық, топаралық зерттеу жұмысымызға тірек ұғымдар ретінде талданады.</p> <p><b>Бұл қағида жаңа, дәлелденген, кең қолданылатын және тривиалды емес болып табылады.</b></p> <p>Зерттеу нәтижелері дәлелденген: Болашак мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге даярлау. Международной научно-практической конференции «Современное образование: опыт, проблемы и перспективы», посвященной 75-летию доктора педагогических наук, профессора Узакбаевой Сахипжамал Аскarovны 16 октября,</p>
--	--	---

Алматы, 2024; Бастауыш сынып окушысының қарым-қатынасы және жеке басын қалыптастыру. Әл-фараби атындағы казак ұлттық университеті казахский национальный университет имени аль-фараби al-farabi kazakh national university г.Алматы, 17 февраля 2023 г.; Бастауыш мектеп окушыларының сейлеу дағдысын қалыптастыру. //Инновационные образование как важное направление и подготовке специалистов\\ педагогика и психология №1 30.01.2019». – Алматы: 2018, - Б.220-223.

*Үшінші қагидат:* Болашақ мамандардың бастауыш сынып окушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлығы оның кәсіби дайындығының бір бөлігі ретінде қарастырылып, оку-танымдық әрекетті үйлемдастыруға мүмкіндік тұғызатындаидай психологиялық-педагогикалық біліммен қаруландыратын, теориялық негізdemесі болашақ педагогтің кәсіби сапасының көрсеткіші ретінде алынады.

**Бұл қағида жаңа, дәлелденген, кең қолданылатын және тривиалды емес болып табылады.**

Зерттеу нәтижелері дәлелденген: Бастауыш мектеп окушыларының сейлеу дағдысын қалыптастыру. //Инновационные образование как важное направление и подготовке специалистов\\ педагогика и психология №1 30.01.2019». – Алматы: 2018, - Б.220-223.; Болашақ мамандарды бастауыш сынып окушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың теориялық аспекті. //«Білім және ғылымдағы инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Қазақстан, Алматы, «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызыметкерлердің біліктілігін арттыру институты», Алматы: 2018, - Б.127-131.

*Төртінші қагидат:* Болашақ мамандарды бастауыш сынып окушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлауда ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жүргізілген контенттік талдау, болашақ маманды окушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлауда басшылыққа алатын тұғырларын, принциптерін,

		<p>технологияларын, компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауда басшылыққа алынып, оның құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруға негіз болады. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың өлшемдері мен компоненттері өзара бір-бірмен тығыз байланыста аталған даярлықтың негізгі құрылымын көрсетеді.</p> <p><b>Бұл қағида жаңа, дәлелденген, кең қолданылатын және тривиалды емес болып табылады.</b></p> <p>Зерттеу нәтижелері дәлелденген: Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың ерекшеліктері. //Материалы VI международного конгресса молодых ученых в рамках года молодежи «Молодежь и глобальные вызовы современности» Шымкент, 04.10.2019. – 246-250.</p> <p><b>Бесінші қагидат:</b> Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлауда жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісіне болашақ мамандарға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасынан, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастауыш сыныштарда әдебиеттік оқу пәнінен шығармашылық тапсырмалар» атты әдістемелік құралынан тұратын әдістемелік кешенді тәжірибеге енгізуімен іске асырылады.</p> <p><b>Бұл қағида жаңа, дәлелденген, кең қолданылатын және тривиалды емес болып табылады.</b></p> <p>Зерттеу нәтижелері дәлелденген: «Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» атты әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2025. – 80 б.</p>
Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b>	Әдістеменің таңдауы орынды негізделген. Гылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертацияның кіріспе болімінде зерттеудің әдіснамасы толық сипатталған. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға

		даярлауда қарым-қатынастық, мәдениеттану, мәдениеттілік, іс-әрекеттік, акмеологиялық, синергетикалық, күзыреттілік тұғырлар негізге алынған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Алынған нәтижелер математикалық-статистикалық әдістер арқылы талданды.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Теориялық қорытындылар Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық Университетінде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер нәтижесінде дәлелденген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа қатысқан студенттер саны - 118, оның ішінде эксперименттік топта – 60, бакылау тобында – 58 студент.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган	Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Болашақ мамандарды бастауыш сыйып окушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау мәселесі бойынша жасалған тұжырымдар философиялық, психологиялық, педагогикалық енбектерге, КР нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып дәлелденген. Сонымен катарап, оқу-әдістемелік құралдарға, әдістемелік нұсқаулықтарға, Scopus деректер қорына

			енетін журналдарға, КР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны камтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған ғылыми макалаларға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	185 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, окумерзімді, заңнамалық және нормативті-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерден тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы бар. Зерттеу барысында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін калыптастыруға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; «қарым-қатынас», «мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының мән нақтыланды; жоғары білім беру жүйесінде болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлау мәселесінің психологикалық-педагогикалық мүмкіндіктері айқындалған; болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін калыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген; болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін калыптастыруға даярлаудың оқу-әдістемелік кешені дайындалып, тиімділігі дәлелденген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған інтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Зерттеу жұмысында ұсынылған диссиденттүү ғылыми тұжырымдары мен інтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім берестің мектептерде, педагогтердің кәсіби даму орталықтарындағы білім беру процесінде кеңінен пайдалануға болады. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған інтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар

		болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Бұл ұсыныстар бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағытта зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b> . Диссертацияның тіл мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер	Зерттеу жұмысында орфографиялық қателер кездеседі. Алайда, аталған ескерту диссертацияның құндылығын төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	Ж.Б. Шарипходжаева диссертация аясында жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті ғылыми журналдар мен базылымдарда жарияланған. Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.	
13	Корытынды	«Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Шарипходжаева Женисгул Бейсембековнаның 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.	

**Ресми рецензент:**

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, философия докторы (PhD)



Есназар Асель Жаңабергенқызы